# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ САҚТАУ КЕПІЛІ

«Болашаққа бағдар - «рухани жаңғыру» бағдарламасы «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының жалғасы екенін білеміз.

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халықтан қолдау тапқан кемегі Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігіміздің жаңа бастауы деп бағалауымыз керек.

Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз. Ең бастысы – бағыт-бағдарымыз анық, жолымыз ашық болуы керек.

Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш.

Қазіргі уақытта Елбасының жолдауын іске асырылып жатқан іс-шаралар атқарылып жатыр, қоғам мен білімнің дамуы, экономикалық өркендеу, тұрмыс сапасы, ұлттық қауіпсіздік білім берумен, ғылым ілгерлеуімен, ғылыми зерттеулер нәтижелерінің тәжірибелік қолдану тиімділігімен анықталады.

Кез-келген елдің болашағы қашан да – өсіп келе жатқан ұрпағына байланысты. Сол себепті де, Қазақстан бәсекеге лайықты, білікті жастарды дайындауға баса назар аударып келеді.

Білім – табысты болудың басты факторы. Ол ел жастарына болашағына ғана емес, бүтіндей мемлекеттің дамуына әсер етеді. Сондықтан, оған әрдайым ерекше басымдық берілетіні – түсінікті де. Қазір экономика, өнеркәсіп, өндіріс салалары көз ілеспес жылдамдықпен алға жылжуда. Яғни, технологиялық революция. Енді бір он жылдан кейін қазіргі кәсіптердің кейбірі жойылып, жаңа түрлері пайда болуы мүмкін. Ал, оларды игеріп кете алатын жастар Қазақ Елінде де болуы керек. Бұл – бүгінгі болмысымызды саралап, болашағымызды айқындауға арналған мақала. «Ұлы даланың жеті қырының» әрқайсысы әр қазақстандықтың өткеніне үңілуі, қоғамның дамуына қосқан үлесін ой таразысына салуын көздейді.

Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады. Бұл – жай ғана әдемі ғана афоризм емес. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы тегімізді түгендеп, тарихымызды жаңғыртып, келер ұрпақ айта жүретіндей жобаларды жүзеге асырудың ұйытқысы болып отыр. Шын мәнінде, немістердің, италиялықтардың немесе үнді халықтарының жылнамасына көз жүгіртсек, олардың мыңдаған жылды қамтитын төл тарихындағы ұлы жетістіктерінің дені осы елдер қазір мекен етіп жатқан аумақтарға қатыстылығы жөнінде сұрақ туындайтыны орынды. Әрине, ежелгі Рим деген қазіргі Италия емес, бірақ италиялықтар өздерінің тарихи тамырымен мақтана алады. Бұл – орынды мақтаныш. Бұл мақала – «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының жалғасы. Елбасының тарихи сананы жаңғыртуға бағытталған ұсыныстары мемлекетіміздің нығаюына септігін тигізеді. Өйткені, тарихын білген ел ғана өткеннен сабақ алып, жарқын болашаққа жол тауып, жетістіктерге жетеді. Бүгінде біздің басты міндетіміз – терең білімді, жан-жақты жетілген, бәсекеге қабілетті, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеп шығару.

**Айжан ТОҚТАБЕК,**
**Айтолқын ОТУНШИЕВА,**
*М.Әуезов атындағы ОҚМУ «СжС» кафедрасының магистр, аға оқытушылары.*